

Қаратөбе ауылдық округіне қарасты Бектөбе, Қызылшарық ауылдарындағы жаңа көшелерге атау беру туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаратөбе ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 19 қаңтардағы № 05 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 ақпанда № 3317 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармағына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысын және тиісті аумақ халқының ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Төмендегі көшелерге атау берілсін

Қаратөбе ауылдық округіне қарасты Бектөбе ауылындағы:

- 1) Көктем 3 көшесіне - Ақмешіт;
- 2) Көктем 4 көшесіне - Сарайшық;
- 3) Бұлақ 2 көшесіне - Нұрлы жол;
- 4) Бұлақ 3 көшесіне - Алтын Орда;
- 5) Жайлау 2 көшесіне - Сығанақ;
- 6) Жайлау 3 көшесіне - Аңырақай;
- 7) Жаңа көшесіне – Баласағұн;
- 8) Жаңа 3 көшесіне -Хамит Ерғалиев;
- 9) Жаңа 4 көшесіне - Жайық;
- 10) Жаңа 5 көшесіне - Ақыртас;
- 11) Жаңа Бәйтерек 3 көшесіне - Алатау;

Қаратөбе ауылдық округіне қарасты Қызылшарық ауылындағы:

- 1) Атшабар 1 көшесіне – Айшырақ;
- 2) Атшабар 2 көшесіне - Қазығұрт;

3. Осы нормативтік-құқықтық актінің орындалуын бақылау Қаратөбе ауылдық округі әкімінің орынбасары А.Саршаевқа жүктелсін.

4. Осы нормативтік-құқықтық акті әділет органдарында мемлекеттік тіркелген

күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қартөбе ауылдық округінің әкімі

Қ. Джатқанбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК